

Ерте жыныстық жетілу профилактикасы




Орындаған : Тынысбекова Гулжайна
Врач интерн


Бойжету




Жыныстық пісіп-жетілу ұл мен қыздың бір-бірінен бөлектенетін кезеңі. Бұл бөлектену бастапқы кезде байқала қоймағанымен, жыныс бездерінің ағзаға басымырақ әсер ететін кездері де жетеді, сөйтіп екінші жыныстық белгілер пайда бола бастайды. Өтпелі кезеңде бойжеткен қыздың денесі қайта жаңарып, тиісінше қалыптаса бастайды. Ағзаның жалпы өсуімен қатар қыздардың тері астындағы май қабаттары әсіресе, иықтарындағы, сандарын-дағы май қабаттары қалыңдайды, сөйтіп әйелге тән түрге енеді.

- 
- Әйелдердің құрсағы еркектерге қарағанда кең болатыны белгілі, ал жамбас сүйектері бір-бірімен созылмалы байланысқан. Бұл - әйелдің бала тууы үшін аса қолайлы. Қыздардың жамбас сүйектерінің өсуі, жатыр бұлшық етінің өсуі 20 жасқа келгенде толық аяқталады.
 - Сүт бездері де тез өседі.
 - Қыздың беті үлбіреп нәзіктік сипат алады,
 - қасағасына, қолтығына түк шығады,
 - дауысы, сыңғырлай әрі анық шығатын болады,
 - алғашқы етеккірі келеді.

I



II



III




IV



V





7 лет



19 лет



- Бұл кезеңде қыздарда жігітке деген құштарлық пен ықылас пайда болады, бірақ оны жыныстық қатынасқа саналы түрде ұмтылыс деп түсінбеу керек. Өйткені бастапқы кезде бұл құштарлықтың платондық қана сипаты болады. Бұлай дейтініміз, ертедегі грек философы Платон әйелдерді алыстан ғана ұнатқан деген аңыз бар. Сол себепті тән жақындығын ойламай, алыстан ғашық болуды платондық махаббат дейді.



- Өтпелі кезеңде қыздар әйелдік нәзіктікке, биязы мінезділікке, сұлулық пен мейірімділікке, ұстамдылыққа, жүріс-тұрыстың әйелге тән сипатына ие болады. Қыздардың бірінші және екінші жыныстық белгілері – етеккірі келгеннен кейін ақтық рет даму шегіне жетеді. Олар бірінші баласын тапқаннан кейін ғана нағыз әйел қалпына келеді.

Angelinka.by

- Қыздың бірінші етеккірінің келуі аналық безінің пісіп-жетілгенін, сөйтіп әйелдің жыныстық гормондардан бөлек жұмыртқа бөле бастағанын дәлелдейді. Ал бұл қыз еркекпен қосылғанда бала көтеретінінің белгісі саналады. Осы кезде қыз бала жеке бастың гигиенасына үйреніп денесін таза ұстағаны жөн. Қызды алдағы болатын осы табиғи процеске әзірлеу – ананың борышы. Жыныстық жайлардан хабардар болу қыздың жыныстық өсіп-жетілу барысымен қатар жүруі тиіс. Тек сонда ғана ол ана болудың жауапты да құрметті міндетіне даяр болады.

- Етеккір алғаш келгеннен кейін орта есеппен әрбір 28 күн сайын аналық безде бір жұмыртқа клеткасы пісіп жетіледі. Сөйтіп етеккір келеді. Бұл - табиғи жағдай, әдетте 3-4 күнге созылады.


Алғашқы етеккір қыздардың барлығына бір мезгілде келмейді. Оның келу уақыты тұқым қуалаушылыққа, денсаулыққа, тұрмысқа, қоршаған ортаға, климатқа, нәсіл мен тұрмыс салтына байланысты. Мысалы: ауыл қыздарынан гөрі қала қыздарының етеккірі бұрынырақ келеді. Солтүстікте тұратын эскимос қыздарының етеккірі 19 –ға келгенде көрінсе, ыстық жақта тұратын қыздарда ол 9-10 жастарында-ақ келе бастайды.


Девушки во время месячных



- Қыздар мен әйелдер ауыр науқастанғаннан кейін де етеккірі тоқтап қалады, тіпті ұзақ уақыт келмейді. Қатты қобалжу, толқу, қорқыныш, климаттың өзгеруі, діңкелетін жұмыс, белок пен витамині жеткіліксіз құнарсыз тамақ, оттегінің жетіспеуі, аналық бездің ауруға шалдығуы – етеккірдің мезгілінде келуіне зиянын тигізеді немесе оның келуі әйелдің жанына бататын болады. Мұндай жағдайларда дәрігерге көрінген жөн.

- Еркекпен әйелдің жыныстық сезімдерін, сексуалдық күштарлықтарын негізінен андрогендер басқарады. Олар адамда жыныстық сезімнің әмбебап гормондары болып табылады.





• Дегенмен сексуалдық күштарлықтың шектен шығушықпауы адамға, оның алған тәрбиесіне де байланысты. Өйткені жыныстық қатынасқа ерте түсу жыныстық пісіп-жетілуді тездетеді, жасөспірім бірінші рет кездейсоқ жыныстық қатынасқа түссе, ол одан кейін жыныстық ләззат алу жолын тағы іздей бастайды, талғамсыздыққа, тәртіпсіздікке ұрынады. Сөйтіп, венералық (махаббат құдайы Венераның атына байланысты) жұқпалы жыныс ауруларын – мерез – соз ауруларын жұқтырып алады.

- Еркекпен ерте жақындасудың зардабы да, салдары да көп. Ойда жоқта жүкті болып қалу – жас қыздардың денсаулықтарын кұртады, көптеген жағдайларда өмірлеріне қатты нұсқан келтіреді. Тұңғыш рет баланы алдырып тастау, яғни аборт жасату - әйелді бедеу етуі, түсініктірек айтсақ екінші рет бала бітпеуі мүмкін. Қазір бедеулікке тұңғыш біткен баланы алдыртып тастау себепкер болып отыр++++





Қорытынды:

Болашақ тізгіні өз қолыңда!

Перзент сүю бар өмірдің мәні, тағдырыңа балта шабуға жол берме!

Қазіргі жеңіл жолмен, уақытша ляззат алу сезімі соңғы демін біткенше өзегінді өртейтін өкінішті болары нақ!

Әр бір қыз бір үйдің аялаған перзенті, ол қыз орнында анаң, апкең, қарындасын, болашақ сүйікті жарың, сенің бір сәттік рахатын үшін қыз баланың көз жасына калма!

ОЙЛАНАЙЫК!

Назарларыңызға рахмет

